# ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№26-27 /sársenbi/ 01 şilde 2026 jyl

**КӘСІБИ МАМАН БОЛУ ДЕГЕНІМІЗ – ЕҢ АЛДЫМЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІ ЖАН-ЖАҚТЫ БІЛУ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫПТЫ ЖЕТІК МЕҢГЕРУ**

Бүкіл жұртты бір мұратқа ұйыстырған ортақ істе медиа саласы мамандарының маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өту қажет. Журналистер қауымы Конституциялық комиссияның қызметі туралы сапалы және мазмұнды хабарлар таратты. Сондай-ақ Ата

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАҚ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

заңға енгізу үшін ұсынылған түзетулерге қатысты жан-жақты талдау жұмысын жүргізді. Науқан кезіндегі тікелей эфирлер, сараптамалық материалдар мен танымдық сұхбаттар – соның айқын дәлелі. Жалпы, журналистер өз кәсібилігін толығымен көрсетті. Осы салада нағыз кәсіби маман болу дегеніміз – «қолдан жасалған» айқай-шу немесе даңғаза жасау емес, бұл – ең алдымен өзекті мәселені жан-жақты білу және тақырыпты жетік меңгеру деген сөз.



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМЫҒАН ЖӘНЕ ОЗЫҚ ЕЛ БОЛҒАНЫ ӨЗІМІЗГЕ ҒАНА КЕРЕК**

Қазақстан түбегейлі жаңа дәуірге қадам басады. Конституция еліміздің саяси және идеологиялық арқауы ретінде ұзақ жыл бойы халық игілігіне қызмет етеріне сенемін. Қазақстанның дамыған және озық ел болғаны өзімізге ғана керек. Біздің басқа еліміз жоқ.

**АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ҚАРАБАЙЫР ТАҚЫРЫПТАР ҚАПТАП, ҰСАҚ-ТҮЙЕКТІ СӨЗ ҚЫЛУ КӨБЕЙГЕН ЗАМАНДА САПАЛЫ ӘРІ ӨЗЕКТІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЕСЕЛЕП АРТАДЫ**

Медиаиндустрия цифрлық дәуірдің сын-қатерлерімен алғашқылардың бірі болып бетпе-бет келді. Осылайша, цифрлық матрицаның – қоғам өміріндегі жаңа санаттың бір бөлігіне айналды. Нарықтың түбегейлі өзгеруі салдарынан жаңалықтар порталы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер алдыңғы қатарға шықты. Мерзімді баспасөз бен телевизия бұрынғы үстемдігінен айырылды. Қазіргі жағдай осындай. Алайда мен «Дәстүрлі медианың дәурені өтті» деген пікірмен келіспеймін. Керісінше, газеттер мен телеарналар жаңа форматқа көшіп, инновациялық мультимедиялық платформа құрып, заман талабына сай дамып келеді. Олардың басты артықшылығы – мәселені терең талдап, шолу мен сараптама ұсына алуында. Ақпараттық кеңістікте қарабайыр тақырыптар қаптап, ұсақ-түйекті сөз қылу көбейген заманда сапалы әрі өзекті журналистиканың маңызы еселеп артады. Сондықтан, менің ойымша, дәстүрлі БАҚ қым-қиғаш уақиғалар нөпірінде қоғам үшін ақпарат айдынындағы компас, тіпті идеологиялық бағдар рөлін алдағы уақытта да атқара береді.

**МЕДИА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТЫП, МЕМЛЕКЕТТІҢ АТАЛҒАН ГИБРИДТІ, АСА ҚАУІПТІ ҚАТЕРЛЕРГЕ ТӨТЕП БЕРУІНЕ АТСАЛЫСУҒА ТИІС.**

Заманауи технологиялар цифрлық алаңда алауыздықты әдейі ушықтыратын «ботофермалардың» пайда болуына түрткі болды. Көпе-көрінеу жалған ақпарат тарату, адамды қаралау, өтірікті шындай соғатын қауіпті құбылыс қалыптасты. Оны қазір дипфейк деп атайды. Яғни объективті фактілер эмоцияның көлеңкесінде қалып, қасақана арандатушылық туғызады. Қоғамның ынтымақ-бірлігіне сына қағып, мемлекеттік институттардың атына кір келтіру үшін жасанды интеллект құралдары қолданылады. Танымал тұлғалардың жасанды цифрлық бейнелерін түпнұсқадан ажырату мүмкін емес. Мұндай технологияларды түрлі алаяқтар мен деструктивті күштер белсенді пайдаланады. Сондықтан медиа саласының қызметкерлері жауапкершілік танытып, мемлекеттің аталған гибридті, аса қауіпті қатерлерге төтеп беруіне атсалысуға тиіс. Осы орайда сіздердің еңбектеріңіз орасан.

**ҚАЗАҚСТАНДА БАҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН**

Елімізде пікір алуандығы мен сөз еркіндігі бар, ал цензураға заң жүзінде тыйым салынған. Алайда, сөз бостандығы дегеніміз жүгенсіздікке және тәртіпсіздікке жол беру деген сөз емес. Сондықтан қоғамдық пікірді өздерінің теріс пиғылына пайдаланып, медиа саласында айласын асырғысы келетіндер мына бір қарапайым қағиданы жадында ұстауы қажет: бірде-бір адам шексіз құқық иесі емес. Басқаша айтсақ, өз құқығын білу және сақтау өзгенің құқығын бұзу немесе ар-ожданын таптау деген сөз емес. Алдымызда адамдар жалған ақпараттың жетегінде кетпей, күрішті күрмектен ажыратуы үшін медиасауаттылықты барынша арттыру міндеті тұр.

**«ҚАЛАМ ЕЛДІ ТҮЗЕЙДІ» ДЕГЕН СӨЗ БЕКЕР АЙТЫЛМАҒАН**

Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс: яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлтты өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшырақ болуы керек.

Жалғасы 5-ші бетте

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ ЕНДІ БАӘ ЖАРАМДЫ

Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері азаматтардың шетелде көлік басқаруын жеңілдететін маңызды келісімге қол қойды. Енді екі елдің жүргізуші куәліктері өзара танылады.

Келісім Абу-Даби қаласында өткен ресми кездесулер аясында бекітілді. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Саденов пен БАӘ Ішкі істер министрі шейх Саиф бен Заид Әл Нахаян қауіпсіздік және цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.

Жаңа меморандумның басты жаңалығы – жүргізуші куәліктерін өзара тану тетігі. Бұл шешім екі ел азаматтарының көлік жүргізуін жеңілдетіп, қосымша бюрократиялық рәсімдерді қысқартады. Кейбір жағдайларда ұлттық куәлікті жеңілдетілген тәртіппен айырбастау мүмкіндігі де қарастырылған.

Мұндай келісім әсіресе БАӘ-де жиі жүретін қазақстандықтар үшін маңызды. Статистикаға сәйкес, жыл сайын бұл елге шамамен 400 мың қазақстандық сапарлайды, ал 14 мыңға жуық азамат тұрақты тұрады.

Келіссөздер барысында тараптар тек көлік саласын ғана емес, трансұлттық қылмысқа қарсы күрес, киберқауіпсіздік, есірткі айналымына тосқауыл қою және жасанды интеллект енгізу бағыттарындағы әріптестікті де күшейтуге уағдаласты.

Сапар аясында қазақстандық делегация БАӘ-нің дағдарыстық жағдайлар жөніндегі ұлттық орталығының жұмысымен танысып, EDGE Group компаниясының киберқауіпсіздік пен жоғары технологиялар саласындағы әзірлемелерін қарастырды.

**«Айғақ» - ақпарат.**

## 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРДІ?

Жаңа Конституция күшіне енді. 1 шілде 2026 жылдан бастап 1995 жылы қабылданған Конституцияның қолданысы тоқтатылды.

***

Жаңа Құрылтайдың сайлау процесі басталды.

***

Бірыңғай QR-төлем жүйесі кезең-кезеңімен іске қосыла бастайды.

***

«Мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заң қолданысқа енеді. Заңдағы негізгі жаңашылдықтардың бірі — ең алдымен, ол кәсіби, ашық әрі азаматтардың мүддесіне бағдарланған мемлекеттік қызметті қалыптастыруға бағытталған.

***

“Тенге” сөзі “теңге” болып өзгереді. Енді ұлттық валютаның атауы ресми құжаттарда «тенге» емес, “теңге” деп жазылады.

***

Жалға берілетін электр самокаттарға жаңа талаптар енгізіледі. Прокаттағы самокаттарға арнайы сәйкестендіру нөмірлері орнатылады. Бұл жол қозғалысы ережелерін бұзуды камералар арқылы анықтауды жеңілдетуге бағытталған.

***

• Интернет-сауда мен цифрлық қызметтерге қатысты өзгерістер іске аса бастайды. Реформа аясында кейбір жаңа цифрлық мемлекеттік қызметтер кезең-кезеңімен енгізіледі, сондай-ақ электронды коммерцияны реттеуге қатысты жаңа нормалар күшіне енеді.

***

• Жылжымайтын мүлік нарығында ипотекаға қатысты өзгерістер күшіне енеді. Кейбір ипотекалық несиелер бойынша шекті сыйақы мөлшерлемелеріне жаңа талаптар енгізіледі.

***

Құрылыс кодексі күшіне енеді. Құжат құрылыс талаптарын қатайтады: сейсмотұрақтылыққа міндетті сынақтар енгізіледі, eGov-та жоқ құрылыс компанияларының реестрі пайда болады және инженерлердің жеке жауапкершілігі бекітіледі.

***

Пойыздардың үстіңгі және астыңғы орындарына бөлек тариф: шілдеден бастап жолаушылар пойызы билеттерінің құны орналасқан сөресіне байланысты бөлек есептеледі.

***

Жаңа абаттандыру ережелері күшіне еніп, аулаға көлікті дұрыс қоймағандар

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖАҢА ЭКОБАҚ

Түркістан қаласында Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Қарашық өзенінің жағалауында орналасқан, аумағы 50 гектарды құрайтын «Түркістан» экобағы пайдалануға берілді. Жаңа демалыс аймағының ашылуымен қатар Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен және Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыруымен «Жаңа Конституция – жастардың құқықтық мәдениеті: “Tartipke tartyl”» атты ауқымды акция өтті.



Салтанатты рәсімге қатысқан Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жаңа экобақтың өңір тұрғындары үшін маңызды қоғамдық кеңістікке айналатынын атап өтті.

– Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан бұл жоба – жай ғана демалыс орны емес. Бұл – тұрғындар мен қонақтар бас қосып, спортпен айналысып, табиғат аясында бос уақытын тиімді өткізетін заманауи қоғамдық кеңістік. Заңға құрмет пен қоғамдық тәртіпті сақтау – тұрақты қоғамның басты қағидаттарының бірі. Сондықтан жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мұндай бастамалардың маңызы зор, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы соңғы сегіз жылда Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны айтарлықтай артқанын атап өтті. Осы кезеңде өңірде тұрғын үй құрылысы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында жүздеген жаңа нысан пайдалануға берілді. Бүгінде облыстағы 801 елді мекен толықтай ауыз сумен қамтылып, тұрғындардың



90 пайызы табиғи газға қол жеткізген. Ал жалпы өңірлік өнім көлемі сегіз жыл ішінде үш есеге өсті.

Шара барысында Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Сабырғали Балғалиев пен қоғам белсендісі Ерболат Балғабаев жастарды заңды құрметтеуге, қоғамдық тәртіпті сақтауға және ел дамуына белсенді үлес қосуға шақырды.

Мерекелік бағдарлама аясында «XIII Legion Street Workout» командасының спорттық көрсетілімі ұсынылып, кейін облыс көлемінде ұйымдастырылған «Tartipke tartyl» жобасының финалдық кезеңі өтті. Қатысушылар күш пен төзімділікті талап ететін спорттық сайыстарда өз шеберліктерін көрсетті.

Жаңадан ашылған экобақ заманауи талаптарға сай абаттандырылған. Мұнда өңірдің табиғи ерекшелігіне бейімделген тұранғы, үйеңкі, акация, терек және өрік ағаштары отырғызылған. Демалыс аймағында төрт көпір, күн энергиясымен жұмыс істейтін 170 жарық шамы, үш волейбол алаңы, футбол алаңы, 4 мың шаршы метрлік балалар ойын алаңы, балық аулауға арналған үш арнайы жағажай, 11 от жағу алаңы, барбекю аймақтары, орындықтар мен тас және ағаштан жасалған сәндік мүсіндер орнатылған. Құрылыс барысында экологиялық таза материалдар пайдаланылған.

Мерекелік кештің соңы концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахнада Айдана Меденова, Ұшқын Жамалбек, Alem және өзге де қазақстандық өнерпаздар өнер көрсетіп, тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Жаңа экобақтың ашылуы Түркістандағы қоғамдық кеңістіктерді дамытуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі ретінде бағалануда.

# 50 МЫҢ ГЕКТАРҒА ЖУЫҚ ЖЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Түркістан облысында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары қарқынды жалғасуда. Биыл 40 мың гектар жерді қайтару жоспарланған болса, бүгінгі күнге дейін 47,6 мың гектар жер мемлекет меншігіне өткізілді. Бұл мәселе облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде кеңінен талқыланды.

Жиында өңір басшысы жауапты сала жетекшілеріне белгіленген жоспарларды уақытылы әрі сапалы орындауды тапсырды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану бағытында тұрақты мониторинг жүргізіп, жер иелері арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтудің маңызын атап өтті.

– Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланушыларға жолданған хабарламалардың орындалуын тоқсан сайын бақылап, жердің нысаналы мақсатына сай игерілуін тұрақты қадағалау қажет. Мал басы тіркелмеген жайылымдар мен игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жандандыру керек, – деді облыс әкімі.

Мәжілісте облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Ерғали Тілеген қоғамдық жайылымдарды қайтару және агроөнеркәсіп кешеніндегі өзекті мәселелер бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Оның айтуынша, министрлік тарапынан 2026 жылға арналған жоспарға сәйкес пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтару, жер пайдаланушыларға хабарлама жолдау және қайтарылған жайылымдарды қоғамдық мақсатқа бекіту жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Қазіргі таңда облыста 87 мыңнан астам жеке және заңды тұлғаның иелігінде 4,5 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жері тіркелген. Барлық жер пайдаланушыларға жерді нысаналы мақсатына сай пайдалану жөнінде тиісті хабарламалар берілген.

Жыл басында өңірдегі елді мекендерде қоғамдық жайылым тапшылығы 531,1 мың гектарды құраған. Биыл мемлекет меншігіне қайтарылған жайылымдардың 161,9 мың гектарын ауылдық округ әкімдіктеріне беру жоспарланған болатын. Бүгінде бұл меже артығымен орындалып, 165,6 мың гектар жайылым қоғамдық пайдалануға бекітілді. Соның нәтижесінде жайылым тапшылығы 365,5 мың гектарға дейін қысқарды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында өңірде жер қатынастары, инвестиция тарту, салық төлеу және ауылдық аумақтарды дамыту бағытындағы жұмыстарды үйлестіретін арнайы комиссия жұмыс жүргізуде. Бүгінге дейін комиссия 97 жер пайдаланушыға тиесілі 181 жер учаскесіне қатысты құжаттарды қараған.

Сондай-ақ субсидия алған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің салық міндеттемелерін орындауы да бақылауға алынған. Өткен жылы 541 жеке және заңды тұлғадан 1 936 субсидия өтінімі қабылданса, биыл олардың барлығы салық төлеуші ретінде тіркеліп, 213 субъект бюджетке 23,7 миллион теңге көлемінде салық аударған.

Жиында агроөнеркәсіп кешеніндегі өзекті мәселелерді зерделеу нәтижелері мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бағытындағы жұмыстар да сараланды.

Облыста пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару және қоғамдық жайылым көлемін ұлғайту жұмыстары өңір басшысының тұрақты бақылауында.

# «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ 100 АУЫЛ МЕКТЕБІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Түркістан облысының ауыл мектептерінде білім сапасын арттыруға бағытталған жаңа қайырымдылық жоба жүзеге асады. Бұл туралы облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің қатысуымен өткен «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің онлайн отырысында мәлім болды.

Жиында «Түркістан облысының мектептеріне «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасы қаралып, Қамқоршылық кеңесі тарапынан бірауыздан қолдау тапты. Кеңес төрағасы Бану Нұрғазиева мен қордың басқарма төрағасы Ләззат Чинкисбаева бастаманың ауыл мектептері үшін маңызы зор екенін атап өтіп, жобаны сапалы іске асыру қажеттігін жеткізді.

Өңір басшысы өз сөзінде «Қазақстан халқына» қорының Түркістан облысына көрсетіп отырған қолдауының айрықша маңызға ие екенін айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоры алғашқы күннен бастап елдегі жанашырлық пен бірліктің жарқын үлгісіне айналды. Қордың әлеуметтік бағыттағы әрбір жобасы мыңдаған азаматтың өмір сапасын жақсартуға үлес қосып келеді. Түркістан облысында 2022 жылдан бері жалпы құны 12 миллиард теңгеден асатын қайырымдылық жобалары жүзеге асырылды. Оның ішінде білім беру саласына – 5,3 миллиард, денсаулық сақтау саласына – 5,2 миллиард, әлеуметтік қорғауға – 547 миллион, ал спорт пен мәдениетке 994 миллион теңге бағытталды. Бұл қолдау өңір тұрғындары үшін үлкен маңызға ие, – деді облыс әкімі.

Нұралхан Көшеровтің айтуынша, Түркістан облысы – халық саны мен бала туу көрсеткіші ең жоғары өңірлердің бірі. Облыстағы 1106 мектептің 906-сы немесе 82 пайызы ауылдық жерде орналасқан. Халықаралық PISA зерттеулерінің нәтижелері ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасында, әсіресе жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша айырмашылықтың бар екенін көрсетіп отыр.



Осы олқылықты азайту мақсатында «Қазақстан халқына» қоры облыстағы 100 ауыл мектебін заманауи физика, химия және биология кабинеттерімен жабдықтауға 5,1 миллиард теңге бөлуді жоспарлап отыр. Өңір басшысы қор тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді әрі мақсатты жұмсалуы әкімдіктің тұрақты бақылауында болатынын айтты.

Жиында бұл бастаманың ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтып, білім сапасын арттыруға, оқушылардың жаратылыстану пәндерін терең меңгеруіне және ауыл мен қала мектептері арасындағы білім алшақтығын азайтуға ықпал ететіні ерекше атап өтілді.

Жобаны іске асыруға облыс әкімдігі де қолдау көрсетуде. Облыстық бюджеттен 100 мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге және 4600 педагог пен мектеп басшысын оқытуға қажетті қаржы бөлінді. Сонымен қатар «Білім-Инновация» халықаралық қорымен бірлесіп, алдағы үш жыл бойы мұғалімдерге менторлық қолдау көрсетілетін болады.

Жаңа жоба ауыл мектептерінің білім беру әлеуетін арттырып қана қоймай, өңірдегі мыңдаған оқушының сапалы білім алуына жаңа мүмкіндік ашпақ.

# ТҮСТІ МЕТАЛДАРДЫ ТЕРЕҢ ӨҢДЕП,

Түркістан облысында түсті металдарды терең өңдеу және кабель өнімдерін шығаратын жаңа өндіріс орны бой көтермек. Бұл – облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары барысында қол жеткізілген келісімдердің нақты нәтижелерінің бірі.

Түркістан қаласында Қытайдың жетекші өнеркәсіптік компанияларының бірі – Henan Sulipu Cable Co., Ltd. өкілдерімен өткен кездесуде жалпы инвестиция көлемі 8,5 миллиард теңгені құрайтын ауқымды жобаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Жоба өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экспортқа бағытталған өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кездесуде облыс әкімі Нұралхан Көшеров Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың жаңа кезеңге көтерілгенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірге

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА БІРІНШІ ОРЫНҒА ШЫҚҚАН АЙМАҚ

2026 жылдың қаңтар–мамыр айларының қорытындысы бойынша Түркістан облысы әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жөнінен елімізде көш бастады. Есепті кезеңде өңірдің қысқа мерзімді экономикалық өсім көрсеткіші 123,3 пайызды құрап, республика бойынша бірінші орынға көтерілді.

Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен өткен әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттің атқарылуы мәселелеріне арналған кеңесте мәлім болды.

Жиында облыс әкімінің орынбасары барлық жоспарлы көрсеткіштердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету бойынша жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдіктеріне нақты міндеттер жүктеді.

– Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен бюджет жоспарының толық әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етіп, белгіленген межелерге қол жеткізу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Әрбір тапсырманың орындалуы тұрақты бақылауда болады, – деді Қанат Қайыпбек.

Кеңесте облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Күмісбек Жаппар бес айдың қорытындысы бойынша баяндама жасап, өңір экономикасының барлық негізгі салаларында тұрақты өсім сақталғанын айтты. Оның мәліметінше, жоспарлы көрсеткіштердің орындалуы ай сайын талданып, маусым айының қорытындысында да белгіленген межелер толық орындалады деп күтілуде.

Есепті кезеңде өнеркәсіп өнімінің көлемі 722,4 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31,9 пайызға артты. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 346,8 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 49,7 пайызды құрады. Бұл жоспарланған көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. Тау-кен өндіру саласында 312,7 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 19 пайызға жетті. Ал ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 259,5 миллиард теңгені құрап, саладағы өсім 10,7 пайыз болды.

Өңірге тартылған инвестиция көлемі де айтарлықтай артты. Жыл басынан бері негізгі капиталға 614,2 миллиард теңге инвестиция бағытталып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсім 50,5 пайызды құрады.

Сонымен қатар сауда көлемі 356,3 миллиард теңгеге жетіп, 19,7 пайызға өсті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 134,2 миллиард теңгені құрап, 8,3 пайыздық өсім көрсетті. Биылғы бес айда 353,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 15,6 пайызға артты.

Көлік және қоймалау қызметтері 129,3 миллиард теңгеге жетіп, өсім 16,5 пайызды құраса, байланыс қызметтерінің көлемі 5,3 миллиард теңгеге жетіп, 8,9 пайызға ұлғайды. Жалпы алғанда, өңірдің барлық негізгі салалары бойынша жоспарланған көрсеткіштер артығымен орындалды.

Жиында облыстық қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гульфари Ажиметова бюджеттің орындалуы жөнінде баяндама жасады. Оның айтуынша, 1 маусымдағы жағдай бойынша облыстың өзіндік кірістері 135,7 миллиард теңгеге жетіп, жоспар 6,4 миллиард теңгеге артығымен орындалған. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бюджетке түскен өзіндік кірістер 21,5 миллиард теңгеге немесе 18,8 пайызға артқан.

Экономиканың барлық негізгі бағыттарындағы оң көрсеткіштер Түркістан облысының тұрақты даму қарқынын сақтап отырғанын және өңірдің инвестициялық, өндірістік әлеуетінің жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді.

# САУРАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ДРОНДАР ӨНДІРІСІ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛАДЫ

Сауран ауданындағы «Шаға» өндірістік алаңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған пресс-тур ұйымдастырылды. Іс-шара барысында журналистер өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалармен танысып, өндірістік кәсіпорындардың жұмыс барысын көзбен көрді.

Пресс-турдың басты мақсаты – Сауран ауданының өндірістік әлеуетін таныстырып, жаңа инвестициялық жобалардың жүзеге асу барысын көрсету.

Алғашқы болып БАҚ өкілдеріне «BNK Group» кәсіпорны таныстырылды. Компания ауыл шаруашылығы саласына арналған заманауи техникалар мен технологиялық жабдықтар өндіреді. Бүгінде кәсіпорын американдық Nelson Irrigation компаниясымен бірлесіп, «BNK IRRIGATION» брендімен айналмалы және фронтальды жаңбырлатып суару жүйелерін құрастыруда. Сонымен қатар мұнда ауыл шаруашылығы техникалары мен агродрондар өндірісі де қолға алынған.

Келесі нысан – «Aqniet Holding» кәсіпорны. Компания білім беру ұйымдарына арналған жиһаз шығаруға маманданған. Соңғы үш жылда еліміздегі 50-ге жуық мектепті заманауи жиһазбен қамтамасыз еткен өндіріс орнында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының талаптарына сай өнімдер дайындалады. Сондай-ақ «KAZMED-PRIBOR» компаниясымен бірлесіп медициналық мекемелерге арналған арнайы жабдықтар да өндіріледі.

Пресс-тур аясында «Юпитер-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірісі де таныстырылды. Кәсіпорын жаңбырлатып және тамшылатып суару жүйелерін шығарады. Жылына 1750 тонна өнім өндіретін зауыт толық қуатында жұмыс істеп, ішкі нарықпен қатар Өзбекстанға экспорт жүргізуде. Мұнда 20 жаңа жұмыс орны ашылған.

БАҚ өкілдері «TURSAPA» полиэтилен өнімдерін шығаратын зауыттың жұмысымен де танысты. Кәсіпорында тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы полиэтилен өнімдері, сондай-ақ түрлі көлемдегі қоқыс қаптары өндіріледі. Жоба ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге бағытталған.

Пресс-тур бағдарламасына «Turan Su» кәсіпорны да енгізілді. 2019 жылдан бері жұмыс істейтін мекеме ирригациялық жүйелерді күтіп ұстау, жөндеу және жаңғырту жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар индустриялық парк аумағында тамшылатып суару құбырларын шығаратын жаңа зауыт іске қосылған. Кәсіпорын жылына 183 мың шақырымнан астам тамшылатып суару лентасын, 5 256 дана полиэтилен құбырын және 2 117 шақырым шлангі өндіруге қауқарлы. Мұнда 20 адам екі ауысыммен еңбек етеді. Жоба ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуге мүмкіндік береді.

Пресс-тур барысында ерекше назар аудартқан жобалардың бірі – «Avatar Agricultural Technology Development» ЖШС жүзеге асырып жатқан агродрондар өндірісі болды. Жоба аясында жылына 600 дана ауыл шаруашылығына арналған дрон шығару жоспарланған. Қазіргі уақытта өндірістік алаң толық дайындалып, қажетті құрал-жабдықтар орнатылған. Алғашқы сынақ үлгілері әзірленіп, жобаны толық іске қосу үшін азаматтық авиация саласына қатысты рұқсат құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ журналистер «Daulet Holding» кәсіпорнының өндірістік қызметімен танысты. Кәсіпорын жылына 36 500 дана ішкі ағаш есік шығарады. Мұнда 40-қа жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Заманауи технологиялар қолданылатын өндірісте шикізатты іріктеуден бастап ағашты өңдеу, құрастыру және әрлеуге дейінгі барлық өндірістік цикл толық жүзеге асырылады.



Сауран ауданындағы өндірістік жобалар өңірдің индустриялық әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, озық технологияларды енгізуге және экспортқа бағдарланған өндірістердің қатарын көбейтуге жол ашып отыр. Әсіресе агродрондар өндірісінің іске қосылуы ауыл шаруашылығын цифрландыруға және заманауи агротехнологияларды дамытуға тың серпін береді.

# APPLE STORE ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ХҚКО



Түркістан қаласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің жаңа кезеңін айқындайтын Smart Point цифрлық халыққа қызмет көрсету орталығы пайдалануға берілді. Apple Store қағидатына негізделген жаңа форматтағы орталық тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, мемлекеттік қызметтерді өздігінен әрі жылдам алуына мүмкіндік береді.

Салтанатты ашылу рәсіміне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы басқармасының төрағасы Арман Кенжеғалиев пен Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков қатысты.

Жаңа үлгідегі Smart Point – мемлекеттік қызмет көрсететін дәстүрлі орталық қана емес, азаматтарды цифрлық сервистерді өз бетінше пайдалануға бейімдейтін заманауи кеңістік. Мұнда келушілер қажетті қызметтерді өздігінен рәсімдеп, қажет болған жағдайда мамандардың кеңесіне жүгіне алады.

Арман Кенжеғалиевтің айтуынша, Түркістандағы Smart Point орталығы мемлекеттік қызметті тұтынудың жаңа мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды жоба.

– Біздің басты мақсатымыз – азаматтарға сапалы қызмет көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік цифрлық сервистерді сенімді әрі еркін пайдалануға үйрету. Smart Point өңір тұрғындары үшін сұранысқа ие тиімді алаңға айналады деп сенеміз, – деді ол.

Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков Мемлекет басшысының халыққа қызмет көрсетуді барынша жеңілдету және цифрландыру жөніндегі тапсырмалары өңірде жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Бүгінгі заманауи кеңсенің ашылуы – облыс әкімдігі мен Мемлекеттік корпорация арасындағы тиімді ынтымақтастықтың нақты нәтижесі. Бұл орталық тұрғындарға қолайлы әрі заманауи сервистік қызмет көрсетуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Smart Point бірнеше функционалдық аймақтан тұрады. Экспресс-аймақта азаматтар құжаттандыру терминалы арқылы жеке куәлік немесе паспорт алуға өтінімді өздігінен рәсімдей алады. Сонымен қатар арнайы ақпараттық экрандар арқылы AlemGPT сервисінің мүмкіндіктерімен танысуға жағдай жасалған.

Цифрлық аймақта мемлекеттік қызметтерді онлайн алу үшін моноблоктар мен жоғары жылдамдықты сканерлер орнатылған. Сараптамалық аймақта күрделі мәселелер бойынша мамандар кеңес береді. Бұдан бөлек, цифрлық сауаттылықты арттыруға арналған оқыту және ақпараттандыру аймақтары, сондай-ақ келушілерге арналған жайлы демалыс кеңістігі қарастырылған.

# КАБЕЛЬ ӨНДІРЕТІН ІРІ ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

инвестиция тарту, жаңа өндірістер ашу және экономиканы әртараптандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Біздің басты мақсатымыз – шикізатты экспорттаумен шектелмей, қосылған құны жоғары өнім шығаратын кәсіпорындарды дамыту. Бүгінгі жоба осы стратегиялық бағыттағы маңызды қадамдардың бірі. Түркістан облысы өзінің тиімді географиялық орналасуы арқылы Қазақстанмен қатар Орталық Азия, Қытай, Ресей және Еуропа нарықтарына шығуға мүмкіндік береді. Біз әрбір инвесторға жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді өңір басшысы.

Инвестициялық жоба екі кезеңде жүзеге асырылады. Алғашқы кезеңде кабель және түсті металл өнімдерін өндіретін заманауи зауыт салынады. Мұнда тәулігіне 30 тонна таза мыс өңделіп, кабельдер, электр сымдары, мыс катанкалары, сондай-ақ жез катанкалары мен профильдері, алюминий табақтары, таспалары және сымдары өндіріледі.

Екінші кезеңде қорғасынмырыш оксидін өндіретін жоғары технологиялық өндірістік кешен салу жоспарланған. Экологиялық талаптарға сай жұмыс істейтін кәсіпорын жылына 15 мың тонна өнім өндіреді.

Кездесу барысында өндіріс орнын орналастыру, инженерлік инфрақұрылым тарту, арнайы экономикалық аймақтардың мүмкіндіктері және мемлекеттік қолдау тетіктері де жан-жақты талқыланды.

Облыс әкімі Түркістанның қолайлы географиялық орналасуы мен қарқынды дамып келе жатқан индустриялық әлеуеті өңірді Орталық Азиядағы маңызды өндірістік әрі логистикалық орталықтардың біріне айналдырып келе жатқанын атап өтті.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.

## КЕНТАУДА ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫ ЕКІ ЖАҢА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ




Түркістан облысының Кентау қаласындағы «Turan» арнайы экономикалық аймағында жоғары технологиялы екі жаңа өндіріс орны пайдалануға берілді. «Kentau Cable Industries» компаниялар тобы жүзеге асырған жобалар аясында жоғары жылдамдықты интернет желілеріне арналған оптикалық кабель шығаратын «Kentau Cable Industries» және электр құрал-жабдықтарына арналған металл шкафтарын өндіретін «ElectroCore» зауыттарының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға қатысқан Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жаңа өндірістердің өңір экономикасы үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Бүгін Кентау қаласының өндірістік дамуындағы жаңа кезеңнің басталуына куә болып отырмыз. Заманауи технологияларға негізделген қос зауыттың іске қосылуы өңірдің индустриялық әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканың дамуына серпін береді. Мемлекет басшысы өндірісті дамыту, шикізатты терең өңдеу және халықты тұрақты жұмыспен қамту жөнінде нақты міндеттер қойған болатын. Бүгінгі жобалар – сол тапсырмалардың нақты нәтижесі. Бұл кәсіпорындарда 200-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Өндірісімен танылған Кентау бүгінде қайта түлеп, жаңа даму кезеңіне қадам басты. Осындай маңызды жобаларды жүзеге асырған инвесторларға, құрылысшыларға және еңбек ұжымына алғысымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

«Kentau Cable Industries» және «ElectroCore» серіктестіктерінің директоры Асқар Баймырзаұлы кәсіпорындар толықтай заманауи технологиялар негізінде жұмыс істейтінін атап өтті. Оның айтуынша, өндірістердің басты мақсаты – ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз ету, импортты алмастыру және экспорттық әлеуетті күшейту. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін көбейту және қосымша жұмыс орындарын ашу жоспарланған.

Жобалардың бірі – «Kentau Cable Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құны 1,7 миллиард теңгені құрайтын кәсіпорын жылына 33 мың шақырым оптикалық кабель мен 12 мың шақырым микротүтік пакеттерін өндіруге қауқарлы. Зауытта жүзге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Өндірісте кабель жасау үдерісі толық автоматтандырылған. Бағдарламалық басқару жүйелерімен жабдықталған өндірістік желілерде Siemens, Bosch, ADVANTECH және Panasonic секілді әлемдік жетекші компаниялардың технологиялары қолданылады.

Екінші жоба – «ElectroCore» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бұл кәсіпорын электр құрал-жабдықтарына арналған металл шкафтарын өндіреді. Жобаға 1,5 миллиард теңге инвестиция тартылып, жылына 12 мың дана өнім шығару мүмкіндігі қарастырылған. Мұнда да жүзге жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімі Кентау қаласындағы өндірістік паркке барып, жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың барысымен танысты. Қазіргі таңда шаһарда өндіріс, ауыл шаруашылығы, туризм және өзге де салалар бойынша жаңа жобалар іске асырылуда. Бұрынғы өндірістік нысандар қайта жаңғыртылып, заманауи кәсіпорындарға айналуда.

Облыс басшысы жауапты сала өкілдеріне инвестиция тарту жұмыстарын жалғастырып, өндіріс орындарының санын көбейту және Кентаудың индустриялық әлеуетін одан әрі арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

## ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА



Түркістан облысында шомылу маусымындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары күшейтілді. Бұл мәселе облыс әкімі аппаратының апталық мәжілісінде кеңінен талқыланып, өңір басшысы Нұралхан Көшеров жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді.

Облыс әкімі су айдындарындағы қауіпсіздікті күшейту үшін халық арасында түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жандандырудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, соңғы үш жылда суға кету деректері жиі тіркелген аумақтар жан-жақты зерделеніп, қауіпті орындарға ескерту тақтайшаларын орнатылуы тиіс. Сондай-ақ облыс аумағындағы барлық су айдындарында шомылу маусымын қатаң бақылауда ұстау тапсырылды.

Мәжілісте облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Бағдат Чайзада өңірдегі судағы қауіпсіздік шараларының орындалу барысы туралы баяндады. Оның мәліметінше, биыл 23 тармақтан тұратын арнайы іс-шаралар жоспары аясында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда суға кету оқиғалары 34 пайызға азайған. Дегенмен қайғылы жағдайлар әлі де орын алуда. Мамандардың айтуынша, оқиғалардың 95 пайызы жабдықталмаған әрі шомылуға рұқсат етілмеген орындарда тіркелген. Бұған қауіпсіздік талаптарын сақтамау, балаларды қараусыз қалдыру және белгіленбеген жерлерде суға түсу негізгі себеп болып отыр.

Осыған байланысты өңірде күн сайын профилактикалық рейдтер ұйымдастырылуда. Нәтижесінде судағы қауіпсіздік қағидаларын бұзған 107 азаматқа жалпы сомасы 1,6 миллион теңгеден астам айыппұл салынса, 247 тұрғынға әкімшілік ескерту берілген.

Бүгінде облыста шомылуға арналған 53 жағажай белгіленген. Алайда жүргізілген тексерулер барысында олардың бірқатарында талапқа сай келмейтін кемшіліктер анықталған. Алдағы уақытта қосымша 17 жағажай пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Балалардың жазғы демалысын қауіпсіз ұйымдастыру мақсатында шомылу орындары жоқ елді мекендерге модульді бассейндер орнату жұмыстары жалғасып жатыр. Жоспарланған 900 бассейннің бүгінгі күні 441-і ел игілігіне берілді.

Сонымен қатар облыстағы 111 қауіпті учаскеге ескерту тақтайшалары, ақпараттық стендтер мен арнайы белгілер қойылған. Биыл тағы 1750 тыйым салу белгісін орнату көзделіп отыр.

Төтенше жағдайлар департаменті судағы қайғылы оқиғалар жиі қайталанатын «ыстық нүктелерді» ерекше бақылауға алған. Атап айтқанда, Келес, Сарыағаш, Мақтаарал, Жетісай, Шардара және Ордабасы аудандарындағы магистральды және суару каналдарында қауіпсіздік шаралары күшейтілді.

Өңірде балаларды жүзуге үйрету бағытындағы жұмыстар да жүйелі жалғасуда. Қазіргі таңда 45 кәсіпкермен меморандум жасалып, оның нәтижесінде 1672 бала тегін жүзуді меңгеріп, арнайы дайындықтан өтті.

Қауіпсіздік – әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Сондықтан мамандар тұрғындарды тек рұқсат етілген жағажайларда шомылып, балаларды қараусыз қалдырмауға және судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

## САЙРАМ-ӨГЕМ ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕ «ҚАУІПСІЗ ДЕМАЛЫС» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғат аясындағы тәртіп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Қауіпсіз демалыс» атты көппелі профилактикалық акция ұйымдастырылды. Іс-шара «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен өтті.

Акцияның негізгі мақсаты – жазғы демалыс маусымында ұлттық парк аумағына келушілер арасында қауіпсіздік талаптарын кеңінен түсіндіру, төтенше жағдайлардың алдын алу және азаматтардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру.

Шараға Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Полиция департаменті, Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган өкілдері қатысты.

Бірлескен топ табиғи аумақтағы туристік соқпақтар мен демалыс орындарын аралап, келушілермен тікелей түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Акция барысында демалушыларға табиғат аясындағы өрт қауіпсіздігі ережелері егжей-тегжейлі түсіндірілді. Мамандар от жағу кезінде сақталуы тиіс талаптарға, құрғақ шөп басқан аумақтарда абай болу қажеттігіне және өрттің алдын алу шараларына ерекше назар аударды. Сонымен қатар туристерге рұқсат етілген маршруттардан шықпау, белгіленбеген орындарға түнемеу және таулы аймақтағы жүріс-тұрыс ережелерін сақтау бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Экологиялық тәртіп мәселесі де назардан тыс қалмады. Қатысушыларға табиғи аумақты ластамау, қоқысты арнайы орындарға тастау, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне зиян келтірмеу жөнінде кеңінен ақпарат берілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, әрбір демалушының экологиялық мәдениеті ұлттық парктің табиғи тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында да түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Құтқарушылар мен полиция қызметкерлері таулы жерлерде адасып қалу, ауа райының күрт өзгеруі немесе жарақат алу жағдайларында әрекет ету тәртібін түсіндіріп, шұғыл қызметтердің байланыс нөмірлері көрсетілген жадынамалар таратты.

Мамандардың айтуынша, жаз мезгілінде ұлттық парк аумағына келушілер саны айтарлықтай артады. Осыған байланысты мұндай профилактикалық шаралар туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, табиғи ресурстарды қорғауға және экологиялық мәдениетті нығайтуға ықпал етеді.

Ұйымдастырушылар «Қауіпсіз демалыс» акциясы алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтіп, азаматтарды табиғат аясында жауапкершілікпен демалуға шақырды.

## AI OPPORTUNITY PARTNERSHIP БАСТАМАСЫНА ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан жасанды интеллект, технологиялық прогресс және экономикалық қауіпсіздік саласындағы сенімді халықаралық әріптестікті дамытуға бағытталған AI Opportunity Partnership бірлескен мәлімдемесіне қосылды, деп хабарлайды ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

AI Opportunity Partnership серіктес елдердің жасанды интеллектті дамытуға қатысты ортақ тәсілдерін бекітеді. Оған инновациялық реттеу, кәсіпкерлер мен стартаптарға қолдау көрсету, ғылыми-зерттеу және R&D тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту, жеке инвестицияларды тарту, есептеу инфрақұрылымына қолжетімділікті кеңейту және сенімді AI-экожүйелерін құру кіреді.

Құжатта жасанды интеллекттің физикалық негізіне яғни маңызды минералдар, энергетика, деректер орталықтары, есептеу қуаттары, жартылай өткізгіштер, инженерлік кадрлар және тұрақты жеткізу тізбегіне ерекше назар аударылған.

Қазақстан үшін бұл серіктестікке қатысу AI-инфрақұрылымына инвестиция тарту, маңызды минералдарды өңдеуді дамыту, инженерлік және AI-кадрларын даярлау, бірлескен зерттеу жобаларын іске қосу және еліміздің жаңа технологиялық экономикадағы рөлін күшейту үшін қосымша мүмкіндіктер ашады.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі - жасанды интеллект негізіндегі инновациялық шешімдерді әзірлеу мен енгізуге қосымша мүмкіндіктер ашатын, ашық және жабық үлгідегі озық AI-модельдерге қолжетімділікті кеңейту болмақ.

AI Opportunity Partnership-ке қосылуы Қазақстанның өз AI-инфрақұрылымын, технологиялық кәсіпкерлікті және маңызды технологиялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағытына толық сәйкес келеді.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАҚ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Қалам елді түзейді» деген сөз бекер айтылмаған. Осы орайда, біз сіздерге – журналистер қауымына зор үміт артамыз. Ақпарат саласының қызметкерлері қашанда ұлт сапасын жақсартатын құндылықтарды дәріптеу ісіне белсене атсалысуы қажет деп санаймын.

**МЕМЛЕКЕТ МЕДИА САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӘРДАЙЫМ ҚОЛДАЙДЫ**

Баршаңызға мәлім, жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында тілшілер қауымына пәтер кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Соңғы үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болды. Енді бұл бастаманың ауқымын кеңейте түсуді көздеп отырмыз. Әсіресе, сапалы хабар таратып, қажырлы қызмет етіп жүрген аймақ тілшілерінің еңбегін елеусіз қалдыруға болмайды деп санаймын. Сондықтан менің тапсырмаммен осы жылы алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілті табысталады.

Мен бүгін Қазақстан Республикасының журналистикасы мен телевизиясының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін медиа саласының үздік мамандарына жоғары мемлекеттік награда беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

**Ақорда.**

# ІІМ-ДЕ ДРОН ОПЕРАТОРЛАРЫН ОҚЫТУ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ



Ішкі істер органдарын жаңғырту және цифрлық трансформациялау аясында төртпіп сақшылары заманауи ұшқышсыз авиациялық технологияларды белсенді түрде меңгеруде. Жедел-криминалистикалық департаменті базасында оқу-жаттығу зертханасы ашылып, онда полиция қызметкерлері дрондарды басқару бойынша кешенді дайындықтан өтуде, деп хабарлайды ҚР Ішкі істер министрлігі.

Оқыту бірнеше кезеңнен тұрады: теориялық курс, мамандандырылған симуляторлардағы жұмыс және компьютерлік тәжірибелік сабақтар. Ұшқышсыз аппараттарды нақты қызметтік міндеттерде қолдануға ерекше назар аударылады.

- Біздің міндетіміз заманауи технологияларды күнделікті қызметте сенімді әрі тиімді пайдаланатын мамандарды даярлау, – деді ІІМ жедел-криминалистикалық департаментінің бас криминалисі Роллан Молдыбаев.

Ұшқышсыз ұшу аппараттары полиция қызметкерлерінің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Олар түнгі бақылау мен әуе барлауында қолданылады, көрсету қабілеті жоғары камералармен және жылу анықтағыш құрылғылармен жабдықталған. Бұл қараңғы уақытта және күрделі ауа райы жағдайында адамдарды тиімді іздеуге мүмкіндік береді. Дрондар оқиға орнын әуеден жедел шолып, тергеу-жедел тобы келгенге дейінгі жағдайды тіркеуге және маңызды айғақтарды сақтауға көмектеседі.

Сонымен қатар ұшқышсыз аппараттар таулы аймақтар, далалы алқаптар және қарау сыз қалған нысандар сияқты жетуі қиын аумақтарды тексеру үшін пайдаланылады. Бұл жоғалған азаматтарды іздеу тиімділігін арттырып қана қоймай, іздеуде жүрген адамдарды бақылау мен ұстау кезінде жасырын әрі қауіпсіз бағдар жүргізуге мүмкіндік береді.

Технологиялардың практикалық тиімділігі өңірлерде өз нәтижесін көрсетіп отыр. Мысалы, Түркістан облысында дронды пайдалану мал ұрлығын жедел ашуға көмектесті: күдіктілер анықталып, олардың қозғалысы тіркелді, сондай-ақ ұрланған мүлікті сатып алушыны анықтауға мүмкіндік берген дәлелдер жиналды.

Ұшқышсыз ұшу технологияларын енгізу заманауи полицияны дамытудағы маңызды қадамға айналып, әрекет ету жеделдігін, жұмыс дәлдігін және қоғамдық қауіпсіздіктің жалпы деңгейін арттыруға ықпал етуде.

# ЕЛІМІЗДЕ ТОПЫРАҚ ЕНДІ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Парламент Сенаты «Топырақты қорғау туралы» заң және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды мақұлдады.

Құжат топырақты қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың бірыңғай құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды әрі топырақтың жай-күйін басқарудың заманауи тетіктерін енгізуді көздейді.

Атап айтқанда, Заңда топырақты қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың бірыңғай ұғымдары, мақсаттары мен қағидаттары енгізіледі; мемлекеттік органдардың өкілеттіктері нақты ажыратылады; топырақтың жай-күйіне кешенді мониторинг жүргізудің бірыңғай жүйесі құрылады; жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға топырақ құнарлылығын сақтау, молықтыру және қалпына келтіру жөнінде міндетті талаптар белгіленеді; сондай-ақ топырақтық зерттеулер жүргізу, агрохимиялық талдау жасау және жерді ұтымды пайдаланудың заманауи технологияларын енгізу арқылы ғылыми сүйемелдеу күшейтіледі.

Сонымен қатар Сенат Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына ілеспе түзетулерді қабылдады. Бұл түзетулер қолданыстағы заңнаманың жаңа заң ережелерімен өзара үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

«Топырақты қорғау туралы» Заңның қабылдануы жер ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырудағы маңызды қадам саналады. Заңды іске асыру топырақты қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, жердің тозу қарқынын төмендетуге, топырақ құнарлылығын сақтап, қалпына келтіруге, агроөнеркәсіптік кешеннің орнықты дамуына қолайлы жағдай жасауға және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа заң сондай-ақ заманауи агротехнологияларды тиімді қолдануға, саланың ғылыми қамтамасыз етілуін дамытуға және жер қатынастарына қатысушылардың барлығының еліміздің аса маңызды табиғи ресурстарының бірі – құнарлы топырақты сақтау жөніндегі жауапкершілігін арттыруға негіз қалайды.

# ВИРУСТАН ТАЗА АЛМА КӨШЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ АНАЛЫҚ БАҚ ҚҰРЫЛУДА



ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен елімізде алманың вирустан таза көшет материалын өндірудің ғылыми негізделген жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірегей пилоттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Жоба 2024–2026 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында іске асырылуда. Мақсаты – отандық бау-бақша шаруашылығын дамыту, көшет материалының сапасын арттыру және импортқа тәуелділікті азайту, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Бұл – Қазақстандағы осы бағыттағы алғашқы әрі әзірге жалғыз жоба. Ол отандық алма сорттары мен телітушілерін заманауи биотехнологиялық әдістер арқылы вирустардан арылтып, сапалы көшет қорын қалыптастыруды көздейді.

Жоба аясында ғалымдар ғылыми және өндірістік бақтарда өсірілетін алма сорттары мен телітушілеріне вирустық аурулардың бар-жоғын анықтау үшін ауқымды зерттеу жүргізді. Соның нәтижесінде оларды вирустан арылту бойынша биотехнологиялық жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде «Жетісу 5», «АРМ-18», «Б-16-20», «Б-7-35» атты отандық алма телітушілері, сондай-ақ «Айнұр», «Салтанат» және «Восход» секілді болашағы зор қазақстандық сорттар вирустан толық тазартылды.

Отандық жоғары сапалы көшет өндірісін жедел дамыту мақсатында жоба шеңберінде Нидерланд Корольдігінен әлемдік нарықта сұранысы жоғары 12 түрлі алма телітушісінен 7,9 мың түп және шетелдік селекцияға жататын 20 сорттан 2,2 мың түп әкелінді.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Талғар өңірлік филиалының базасында аумағы 0,5 гектар болатын еліміздегі алғашқы вирустан таза аналық бақ құрылды. Қазір аумағы 1,5 гектар болатын аналық бақты қалыптастыруға арналған көшеттер дайындалуда.

Алдағы уақытта институт отандық бағбандарды «М9», «М7», «В9», «ММ106», «М111» сияқты сұранысқа ие телітушілермен, сондай-ақ «Гренни Смит», «Гала», «Фуджи», «Джонаголд» және басқа да танымал сорттардың сертификатталған, вирустан таза көшеттерімен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Бұл Қазақстанда сауықтырылған көшет материалын өндірудің заманауи жүйесін қалыптастыруға, жеміс өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ бәсекеге қабілетті бау-бақша шаруашылығын дамытуға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға негіз қалайды.

# «ЕҢ ҮЗДІК МАЛШЫ» МЕДИАЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Ақмола облысында мерейтойлық Х «Kazakhstan Jaca Dala / Green Day – 2026» мамандандырылған көрме-демонстрациясы қарсаңында «Ең үздік малшы» медиажобасы іске қосылды.

Жоба Жұмысшы мамандықтар жылы аясында жүзеге асырылып, мал шаруашылығы саласы еңбеккерлерінің беделін арттыруға және олардың қоғамдағы маңызды рөлін насихаттауға бағытталған. Медиажоба күнделікті қажырлы еңбегі арқылы ауыл шаруашылығының дамуына және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосып жүрген жандарға арналған. Жоба кейіпкерлері өздерінің еңбек жолы, отбасылық дәстүрлері, шаруашылық жүргізудің ерекшеліктері, ұрпақтар сабақтастығы және қазақ даласындағы ауыл өмірі туралы әңгімелейді. Барлық бейнематериал ашық жарияланады, дауыс беру арқылы «Ең үздік малшы» аталымының жеңімпазын анықтай алады. Жоба жеңімпазы 2026 жылғы 16–17 шілде күндері Ақмола облысы Целиноград ауданының Нұресіл ауылындағы «Ақтық» агрофирмасы» аумағында өтетін мерейтойлық Х «Kazakhstan Jaca Dala / Green Day – 2026» көрме-демонстрациясы аясында марапатталмақ.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

# АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ЖӨНДЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстанда автомобиль жолдарын орташа жөндеу бойынша нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілді, бұл өзгерістер бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға және заманауи жол технологияларын енгізуге бағытталған. Өзгерістер суық ресайклирлеу технологиясын кеңінен қолдануды, сондай-ақ қозғалыс қарқындылығы төмен жолдарда балама жол конструкцияларын пайдалануды қарастырады, деп хабарлайды ҚР Көлік министрлігі.

Бүгінде жергілікті жол желісінің едәуір бөлігі шағын елді мекендерге қызмет көрсетеді, мұндағы қозғалыс қарқындылығы тәулігіне 200 автомобильден аз. Мұндай жүктемелерде қымбат тұратын асфальтбетон жабынын орнату көбіне экономикалық тұрғыдан негізсіз болып табылады. Салыстыру үшін, асфальтбетон жабынын жасау құны өтпелі типтегі жабынның құнынан 1,5–3 есеге артық болуы мүмкін, ал жекелеген ауылдық жолдардағы нақты көлік жүктемесі күрделі конструкцияларды қолдануды талап етпейді.

Осыған байланысты жаңа нормалар жолдың техникалық санатын өзгертпей, қиыршықтас, шағылтас жабындарын, топырақ стабилизаторларының технологияларын және жол жабынның өзге де баламалы конструкцияларын қолдану мүмкіндігін көздейді.

Сонымен қатар, суық ресайклирлеу технологиясын қолдану мүмкіндіктері кеңейтілді.

Суық ресайклирлеу қолданыстағы жол жабынының материалдарын 100% дейін қайта пайдалануға, жаңа инертті материалдар мен битум тұтынуды азайтуға, сондай-ақ жобалау шешімдеріне байланысты жөндеу жұмыстарының құнын 20–40% төмендетуге мүмкіндік береді.

Жаңалық ретінде топырақ жолдарды қиыршықтас және шағылтас жабындарына ауыстыруды, сондай-ақ стабилизаторларды қолдана отырып, жақсартылған топырақтарды пайдаланудың нормативтік мүмкіндігі жасалғанын айтуға болады. Бұл бюджет қаражатын ұтымды пайдалана отырып, ауылдық елді мекендердің жыл бойы көлік қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

# АБАЙ ОБЛЫСЫНДА «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 25 ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

«Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру аясында өңірдің 10 ауданына қарасты 138 ауылдық округте скрининг жүргізіліп, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті айқындалды. Нәтижесінде барлық ауылдық округтер 2025 жылғы несиелеу бағдарламасына енгізілді, деп хабарлайды Абай облысының әкімдігі.

Былтыр бағдарламаға 1 млрд теңге бөлініп, қаржы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, өндірістік кооперацияны дамыту және сүтті мал шаруашылығын қолдау бағыттарына бағдарланды. Қазіргі таңда Amanatnesie.kz ақпараттық жүйесі арқылы жалпы сомасы 863,8 млн теңгеге 48 өтінім қабылданып, 534,4 млн теңгеге 25 жоба қаржыландырылды.

Бағдарламаны тиімді іске асыру мақсатында облыс көлемінде тұрақты түрде жұмыс кеңестері өткізіліп, аудан әкімдіктерімен бірлескен түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, қайта өңдеу жобаларын дамыту және ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке тарту бағытындағы жұмыстар жанданды.




Бағдарлама аясында өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сүт, ет, көкөніс өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу жобаларына басымдық берілуде. Сонымен қатар, биыл облысқа қосымша 4,5 млрд теңге бөлу жоспарланған.

Алдағы уақытта ауылдық жерлерде сүт қабылдау пункттерін ашу, шағын өңдеу цехтарын іске қосу, көкөніс өсіру жобаларын кеңейту және қой шаруашылығын дамыту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру көзделген. Бұл шаралар ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз етуге және өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

# АЛМАТЫДА 400 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫ САЛЫНАДЫ

«Алматы» ӘКК» АҚ-ның еншілес ұйымы «Almaty Finance» ЖШС жаңа студенттер жатақханасының құрылысын салу үшін «BAZA 271» ЖШС-не жеңілдетілген қаржыландыру ұсынды.

Жобаны жүзеге асыруға «Almaty Business – 2025» бағдарламасы аясында жылдық 6% мөлшерлемемен, 7 жыл мерзімге 500 млн теңге бөлінді.

Жоба Алматының білім беру инфрақұрылымын дамытуға, студенттерді заманауи әрі жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге және студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын азайтуға бағытталған.

Жалпы ауданы 3 537,2 шаршы метр болатын жаңа жатақхана 400 орынға есептелген. Ғимарат төрт қабаттан және жертөле қабатынан тұрады. Мұнда Алматыдағы жоғары оқу орындарының студенттері тұра алады.

Жобаның жалпы құны 750 млн теңге. Оның ішінде 250 млн теңге – инвестордың өз қаражаты, ал 500 млн теңге – «Almaty Finance» ЖШС ұсынған қарыз қаражаты. Сонымен қатар жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қаржы орталығы» АҚ арқылы мемлекеттік субсидиялау тетігімен жүзеге асырылады. Субсидия мөлшері – жатақханада тұратын әрбір студентке 230 АЕК. Жатақханада тұрудың жоспарланған құны – бір студентке айына 45 мың теңге.

«Жаңа жатақхананың құрылысы студенттерді заманауи әрі жайлы тұрмыс жағдайымен қамтамасыз етуге және қаланың қолданыстағы инфрақұрылымына түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Құрылысты 2026 жылы қараша айында аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар жоба аясында 11 жаңа жұмыс орны ашылады», – деді «Almaty Finance» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Эмиль Оспанов.

# СУ – ТІРШІЛІКТІҢ НӘРІ, ТАБИҒАТТЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ!

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» РМК «Су-Метрология» филиалы жарты ғасырлық тәжірибе мен заманауи метрологиялық қызметтің сабақтастығы.

Қазақстан су шаруашылығы саласының тиімділігі мен қауіпсіздігі дәл өлшеу мен сенімді есепке тікелей байланысты. Осы бағытта жарты ғасырға жуық уақыттан бері үздіксіз қызмет атқарып келе жатқан «Қазсушар» РМК «Су-метрология» филиалы еліміздің су ресурстарын басқару жүйесінде ерекше орын алады. Филиалдың қалыптасу тарихы – су шаруашылығы саласының дамуымен бірге, өрілген кәсіби тәжірибе мен ғылыми айқын көрінісі.

«Қазсушар» РМК «Су-метрология ізденістің» филиалының негізі 1975 жылы Шымкент қаласында қаланды. Сол жылы КСРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне қарасты «Водоавтоматика и метрология» жобалау-конструкторлық және технологиялық институтының (ПКТИ) Шымкент филиалы құрылып, оның бас ұйымы Бішкек қаласында орналасты. Бұл мекеме Қазақстанмен қатар Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан аумағындағы су шаруашылығы нысандарында метрологиялық жұмыстарды жүргізіп, өңірдегі жетекші мамандандырылған ұйымдардың біріне айналды.

Сол кезеңде филиалда 154 қызметкер еңбек етті. Сонымен қатар Ашхабад және Душанбе қалаларында жалпы саны 17 маманнан тұратын екі кешенді бөлім жұмыс істеп, су шаруашылығы жүйесіндегі өлшеу құралдарының дәлдігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарды.

1992 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін мекеме жаңа кезеңге қадам басты. Ол шаруашылық жүргізу құқығындағы «Су-автоматика» мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы болып қайта құрылып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің құрамына енді. Осы кезеңде филиал құрамында өлшеу құралдарын салыстырып тексеруге арналған заманауи УПИС қондырғысымен жабдықталған калибрлеу зертханасы жұмыс істей бастады.

2008 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №552 қаулысына сәйкес «Су-автоматика» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Ал 2011 жылғы 28 қаңтардағы Үкіметтің №196 қаулысы негізінде мекеме Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Су-метрология» филиалы болып қайта ұйымдастырылды.

2015 жылдың қазан айынан бастап филиал «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрамында қызметін жалғастырып келеді. Бүгінде ол Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» РМК жетекші метрологиялық қызметі ретінде еліміздің су шаруашылығы ұйымдары мен кәсіпорындарын метрологиялық қамтамасыз ету міндетін атқарады.

Қазіргі таңда филиалдың қызмет аясы айтарлықтай кеңейді. Мамандар гидрометриялық постарды аттестаттап, су шаруашылығы нысандарында гидрометриялық рейкаларды орнату және калибрлеу жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар гидрометриялық қызметкерлерді оқытып, каналдардың пайдалану әсер коэффициетін анықтайды, гидрометриялық өлшеу құралдарын калибрлейді. Су қоймалары мен өзендерде топо-батиметриялық түсірілімдер жүргізіп, әртүрлі масштабтағы топографиялық жұмыстарды орындайды. Сондай-ақ филиал құрамындағы сынақ және калибрлеу зертханасы өлшеу құралдарының дәлдігін қамтамасыз ететін маңызды құрылым ретінде жұмыс істейді.

Соңғы жылдары филиал еліміздегі ірі су нысандарында топо-батиметриялық зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізуде. Атап кетсек 2025 жылы Батыс Қазақстан облысындағы Сарышығанақ, Киров, Дөңгелек және Біттік су қоймаларында, Түркістан облысындағы сыйымдылығы 5,2 млрд текше метрді құрайтын Шардара су қоймасында кешенді жұмыстарды толық аяқтады. Сонымен қатар ұзындығы шамамен 1800 шақырым болатын Есіл өзені мен 1300 шақырымға жуық Жайық өзенінде топо-батиметриялық зерттеулер жүргізіліп, барлық жұмыстар қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес аяқталып, тапсырыс берушілерге тиісті есептер тапсырылды.

Бүгінгі күнде 2026 жылдың жоспарына сәйкес, Ұлытау облысындағы Кеңгір, Жезді және Ақтасты су қоймаларында топо-батиметриялық зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыстар су қоймаларының нақты техникалық жағдайын бағалап, олардың тиімді әрі қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Филиалдың табысты жұмысының негізінде білікті әрі тәжірибелі мамандардың еңбегі жатыр. Соңғы жылдары ұжым қызметкерлері мемлекеттік және салалық деңгейдегі көптеген марапаттарға ие болды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік наградалары, Су ресурстары және ирригация министрлігінің төсбелгілері мен Құрмет грамоталары, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының марапаттары бар.

Атап айтқанда, «Метрология» бөлімінің басшысы Жансая Сағынбекова Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. «Сайрамсу» су торабының бөлім басшысы Ерғали Әдішбеков «Құрмет» орденінің иегері атанды. Сонымен қатар директордың орынбасары – бас инженер Ысқақ Дархан Сансызбайұлы Қазақстан Республикасы Президентінен III-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін алды, Бас маман-метролог Азамат Қуатов «Су шаруашылығының үздігі» төсбелгісімен марапатталып, «Үздік жас су маманы» атағына ие болды. өндірістік-техникалық бөлімнің басшысы Азамат Әуелбаев, инженер-гидротехник Зафар Аташев, зертхана басшысы Гаухар Елібаева, кадр маманы Перизат Саттарова және басқа да бірқатар қызметкерлердің еңбегі жоғары бағаланды.

Бұл марапаттар – ұжымның кәсіби біліктілігі мен сала алдындағы адал еңбегінің нақты көрінісі.

«Су-метрология» филиалы тек өндірістік қызметпен ғана шектелмейді. Ұжым қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экологиялық бастамаларға да белсенді қатысады. Қызметкерлер су нысандарының жағалауларында тазалық жұмыстарын тұрақты ұйымдастырып, табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып келеді. Экологиялық акциялар арқылы халық арасында су ресурстарын ұқыпты пайдалану мен табиғатты аялаудың маңыздылығы кеңінен насихатталуда.

Жарты ғасырлық тарихында мол тәжірибе жинақтаған «Қазсушар» РМК «Су-Метрология» филиалы бүгінде еліміздің су шаруашылығы саласындағы метрологиялық қамтамасыз етудің негізгі тірегіне айналды. Заманауи технологияларды енгізу, ғылыми негізделген зерттеулер жүргізу, кәсіби мамандар даярлау және су ресурстарын тиімді басқаруға үлес қосу арқылы филиал алдағы уақытта да Қазақстанның су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында маңызды міндеттерді атқара бермек.

**Нұрсұлтан БЕКБОТАЕВ,**
*«Қазсушар» РМК «Су-Метрология» филиалының директордың м.а.*

# БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУҒА КӨШУДЕ

Қазақстанда балаларға арналған білім беру-сауықтыру орталықтары автоматтандырылған қызмет түріне қосылды. Енді ұйымдар лицензия алу үшін өтінімді мемлекеттік органдарға бармай-ақ, толық онлайн форматта elicense.kz порталы арқылы бере алады.

Электронды формат рұқсат құжаттарын алу рәсімін жеңілдетіп, ұйымдардың уақыт және әкімшілік шығындарын азайтады, сондай-ақ процестің ашықтығын арттырады.

Айта кетейік, 2026 жылдан бастап ҚР Оқу-ағарту министрлігі балаларға арналған білім беру-сауықтыру орталықтарының қызметін міндетті лицензиялауды енгізді. Осыған байланысты заңнамада «балалар сауықтыру лагері» ұғымы «балаларға арналған білім беру-сауықтыру орталығы» терминімен ауыстырылды. Бұл ұйымдардың тек сауықтыру емес, сонымен қатар білім беру қызметтерін де қамтитын кеңейтілген функцияларын көрсетеді.

Лицензия алу үшін elicense.kz порталына кіріп, «Білім беру» бөлімінен тиісті қызмет түрін таңдау, қажетті мәліметтерді толтыру, мемлекеттік баж салығын төлеу және өтінімді электрондық цифрлық қолтаңба арқылы растау қажет. Лицензия бес жыл мерзімге беріледі, ал өтінімді қарау мерзімі 30 жұмыс күніне дейін.

Лицензиялық талаптар медициналық қызмет көрсетудің, қауіпсіздік жүйелерінің болуын, бекітілген білім беру-сауықтыру бағдарламаларын, санитариялық нормалардың сақталуын, балалардың тұруына қолайлы жағдайлар мен қажетті инфрақұрылымның қамтамасыз етілуін қамтиды.

Аталған қызмет ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысы нәтижесінде іске асырылды.

## Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Баратовой Гулжана Каратаевны, умершей 09.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Боранбековой С.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 43 Б. тел. 8 775 969 40 66.

*** Открылось наследство после смерти гр. Соколова Леонида Владимировича, умершего 19.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5 тел. 8 -7 .

*** Открылось наследство после смерти гр. Тихонова Дмитрия Владимировича, умершего 25.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой Г.Т. Туркестан.обл. г.Ленгер ул.Толеби 231.тел. 8 775 059 09 86.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тезекбаевой Ажара, умершей 27.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т. Туркестан.обл. г.Ленгер ул.Бектайулы 74 тел. 8 776 366 19 72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Моминова Ганижана Ташкоргановича, умершего 24.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кошкарова Дауренбека Тынгозиевича, умершего 14.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Акшабаевой А.А. г.Шымкент ул.Иляева 22-23.тел. 8 702 309 40 09.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жарылхасыновой Азата, умершей 07.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр.Айнашева Кочкара Абдрахмановича, умершего 30.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Рахимовой Назоката Исматуллаевны, умершей 30.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Куанышеву Ж.Жү г.Шымкент ул. Республики 44-4 тел. 8 701 788 56 07.

*** Открылось наследство после смерти гр.Мансурова Ержигита Зайтинулы, умершего 05.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан обл. с.Рыскулова ул.Рыскулова 290.тел. 8 708 824 79 95.

*** Открылось наследство после смерти гр. Усейнова Махаметжана Смахановича, умершего 01.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 771 383 43 47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Изтилеуова Алматжана Шырынхановича, умершего 21.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Рыскулова 80.тел. 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шугумановой Марьяма Каримовны, умершей 09.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мирзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр.Республики 27/24.тел. 8 701 554 77 21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мурзаева Махмуджана Кочкаровича, умершего 16.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Назарбекову Р.С. мкр.Асар-2 дом 8707 тел. 8 707 777 60 63.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мельникова Василия Васильевича, умершего 14.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Куттыбаевой У.Ж. г.Шымкент ул. Аргынбекова 98 тел. 8 702 811 45 35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шукирова Айдара Сапаровича, умершего 11.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Султановой Шырбана, умершей 19.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т. Туркестан.обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 74. тел. 8 776 366 19 72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дербисалиева Ержана Нуржановича, умершего 30.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Токтыбаева Рустембека Сарсенбековича, умершего 13.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41 тел. 8 701 718 10 49.

*** Открылось наследство после смерти гр. Цой Ольги Чебякповны, умершей 27.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Палачевой М.В. г.Шымкент ул. Турысова 51 А. тел. 8 701 982 44 57.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ибраимовой Айсулу Зетулиновны, умершей 06.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменовой А.О. г.Шымкент мкр.Карасу 4 а. тел. 8 701 685 85 85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тохтиева Тайира Нурмахանбетовича, умершего 15.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Тамерлан.шоссе 125/4 тел. 8 747 153 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Байтурсын Мадины Усенкызы, умершей 08.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой З.С. г.Шымкент пр.Республики 21.тел. 8 702 762 32 19.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ушаковой Людмилы Николаевны, умершей 14.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Адиловой Д.Ж. г.Шымкент ул.Улиханова 184 тел. 8 701 000 07 21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Наркуловой Дилбары Абдурашитовны, умершей 15.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кемелбековой Райкуля, умершей 04.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Цупрунова Ивана Ефимовича, умершего 27.03.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мадалиевой М.У. г.Шымкент ул.Аскарова 3-26. тел. 8 777 919 25 77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Калдарова Гайрата Анваровича, умершего 13.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Курбановой Ж.Н. г.Шымкент ул.Жиделибайсина 92 тел. 8 701 348 48 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекмуратовой Алтиная Сериковны, умершей 08.05.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Волошина Анатолия Ивановича, умершего 11.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Алиевой Н. г.Шымкент ул.Адырбекова 165-17 тел. 8 701 633 50 99.

*** Открылось наследство после смерти гр. Альтенбаева Динмуханбета Озыкбаевича, умершего 27.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С:А: г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Огаркова Александра Павловича, умершего 05.02.2009г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.Т. Туркестан.обл. г.Ленгер ул. Бектайулы 74 тел. 8 776 366 19 72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Айтуова Нургалима Шариповича, умершего 06.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нургалиева Малика Хатимуллаевича, умершего 03.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сарыбаеву Т.М. г.Шымкент ул. Жибек жолы 37/1 тел. 8 701 747 62 24.

*** Открылось наследство после смерти гр. Есиркепова Рысалибека Алтынбековича, умершего 09.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Умирбековой М.А. г.Шымкент пр.Кунаева 59 тел. 8 707 447 87 15.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тажибекова Укметали, умершего 16.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 18/4 тел. 8 702 996 27 79.

*** Открылось наследство после смерти гр. Эльмуратова Ербола Шамшархоновича, умершего 25.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дарикулова Махаммада Саттаровича, умершего 21.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Каттебекова Кайрата Есенгелдиевича, умершего 07.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Буранова Сомухжана Махмуджановича, умершего 06.04.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул.Иляева 4-81 тел. 8 701 727 45 71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дегтяревой Галины Викторовны, умершей 28.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул. Байтурсынова 5,14. тел. 8 702 888 07 08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Каримбаева Болатбека Коблановича, умершего 07.06.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсековой Т.Е. г.Шымкент.пр. Кунаева 17.тел. 8 702 480 80 86.

## Ликвидация

*** Производственный кооператив “Сельскохозяйственный производственный кооператив ”Куандык” объявляет о своей ликвидаций БИН 160340012273, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл. Толебийский р/н с.Каскасу ул.Саз дом 13 В.

*** ТОО”ALI Com-2018” объявляет о своей ликвидаций БИН 250140027957, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.15 дом 2 кв. 15.

*** Объединение собственников имущества “г.Шымкент Каратауский р/н мкр.Туран дом 64 А” БИН 230840039625, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Туран дом 64 А.

*** ТОО”Цемент-ЛТД” объявляет о своей ликвидаций БИН 060340023812, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. 18, дом 15-22.

## Жарамсыз деп танылсын

*** Утерянный документ ТОО” Emin-TRANS servis” БИН 160740003615, иностранный бланк разрешения для перевозки грузов Россия 3 стр. № 296224 считать недействительными.

*** Утерянный документ ИП”Артыкбаева” иностранный бланк разрешения для перевозки грузов Россия 3 стран. №296779 считать недействительными.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ТОО”Ай-Н Ломбард” объявляет о проведений торгов Реализаций ювелирных изделий 02.07.2026г-03.07.2026г в 11:00 часов по адресу г.Шымкент мкр. Нурсат дом 221 н/п 2. тел. 8 771 071 09 90, 8 (7252)50-60-55.

*Біле жүріңіз!*

## КОНДИЦИОНЕРДІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Кондиционер құрғақ микроклимат орнатады. Үнемі кондиционер қосулы тұрған бөлмеде отырсаңыз, мұрныңыз бен тамағыңыздың құрғап қалатынын сезесіз. Салқын құрғақ ауа тыныс алу органдарының ауруына немесе ангинаның асқынуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Екіншіден аталған құрылғы көмірқышқыл газын көбейтеді. Қазір сплит-жүйелер деп аталатын екі бөліктен тұратын кондиционерлер көп тараған. Бір бөлігі далада, бір бөлігі бөлмеде орналасады. Олар тоңазытқыш секілді жұмыс істейді: бөлмедегі ауа температурасын төмендетіп, оттегі азайып, көмірқышқыл газы көбейеді.

Үшіншіден, шаң-тозаң таратады. Бұл жабдықтың сүзгісін ауыстырмаған жағдайда болады, Сүзгі ауа тазартуға арналғандықтан, дер кезінде алмастырмаған жағдайда ол өзі жинаған бұрынғы шаң-тозаңды бөлме ішіне таратады. Аллергиясы бар адамдар кондиционер сыйлаған салқыннан көзі жасаурап, тамағы қышып, мұрны бітеді.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

А Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 775 777 34 62

Газет таратын облыстар мен қалалар:
Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қараганды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі 65836 16+

Газет редакциясының компьютер орталығында терілііп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Тапсырыс: №166
Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекші редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Түркістан облысының құрылыс басқармасы" ММ " Түркістан облысы Ордабасы ауданы Боралдай өзенінде" Боралдай" су қоймасын салу " жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар мына мекенжайлар бойынша өтеді:

1. 2026 жылғы 27 шілдеде сағат 11:00-де Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан а.о., Боралдай а., Намазбаев көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемесі:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

2. 2026 жылғы 27 шілдеде сағат 15:00-де Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай а. о., Боралдай ауылы., Омабеков көшесі 15, Zoom сілтемесі:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Әсер ету аумағы: 42°67 65.16"С, 69°49 60.64"В.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – "Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ Тел: 8725-33-5-98-49 . Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru сондай-ақ ресми сайт https://ndbecology.gov.kz, электрондық пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz. Жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz// . Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: "Түркістан облысының құрылыс басқармасы" ММ, Мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 160,5 тоқсан. БСН 060240004644.E-mail: rakhim9090@mail.ru,байланыс телефоны 8-72533-5-94-91.Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: "Каз Гранд

Эко Проект" ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001- 588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005 sholpik-@mail.ru.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

1. ГУ «Управление строительства Туркестанской области» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту"Строительство водохранилища "Боралдай" на реке Боралдай Ордабасинского района Туркестанской области" Слушания состоятся по адресам:

1. 27 июля 2026 г. в 11:00 по адресу Туркестанская область, Ордабасинский район, Кажымуканский с.о., с.Боралдай., улица Намазбаев дом 1, ссылка Zoom:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа:123456.

2. 27 июля 2026 г. в 15:00 по адресу Туркестанская область, район Байдибека, Боралдайский с.о., с.Боралдай.,улица Омабеков 15, ссылка Zoom: https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа:123456.

Территория воздействия: 42°67'65.16"С, 69°49'60.64"В.

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний –ГУ«Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» Тел:8725-33-5-98-49. Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru, так же официальный сайт https://ndbecology.gov.kz/,электронная почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz. Документация по проекту размещена на https://ndbecology.gov.kz/.Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ГУ «Управление строительства Туркестанской области», Адрес: Туркестанская область, г.Туркестан, КВАРТАЛ 160,5.БИН 060240004644.E-mail: rakhim9090@mail.ru,Контактный телефон 8-72533-5-94-91.Наименование и контактные данные разработчика документации:ТОО «Каз Гранд Эко Проект»,тел 8(775)3245005 г. Шымкент, ул.Байтурсынова 20б. БИН 111040001588.Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik-@mail.ru

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «BEIBARS OIL» ЖШС. «Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 160 квартал, жер телімі №930 мекенжайында орналасқан газ баллондары қоймасын, автокөлік жууды, техникалық қызмет көрсету станциясын, халық тұтынатын тауарлармен автобөлшектер дүкенін және көп жанармай құю станциясын қайта құру» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірыңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 09.07.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «BEIBARS OIL» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Реконструкция склада газовых баллонов, автомойки, СТО, магазин автозапчастей с товарами народного потребления и многотопливной АЗС расположенного по адресу г.Туркестан, 160 квартал, участок №930» Проектная докментация доступно на едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz.). Все замечания и предложения принимаются с 09.07.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Албарака 077» ЖШС «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі, 10-с жер телімі мекенжайында орналасқан күнбағыс майын өңдеу зауыты» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірыңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 09.07.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Албарака 077» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Завод по переработке подсолнечного масла расположенного по адресу: Туркестанская область, Сарыагашский район, с/о Дарбаза, с.Дарбаза, ул. Гани Муратбаева, уч.10с.» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz.). Все замечания и предложения принимаются с 09.07.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№4 қалалық емхана» МКК», «Шымкент қаласы, Володарский көшесі, 11 мекенжайында орналасқан «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№4 қалалық емхана» МКК» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірыңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz.) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 09.07.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик «ГКП на ПХВ «Городская поликлиника №4» управления здравоохранения города Шымкент» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «ГКП на ПХВ «Городская поликлиника №4» управления здравоохранения города Шымкент» расположенного по адресу: г.Шымкент, улица Володарского 11» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz.). Все замечания и предложения принимаются с 09.07.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

«Айғақ» телеарнасы мен республикалық «Айғақ» газетінің ұжымы

**Сәуле**
**ӘБСЕЙІТОВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыра көңіл айтады.

# АЛҒАШҚЫ МОНТЕССОРИ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛАДЫ

Абай университеті мен Перуджадағы (Италия) тұңғыш Халықаралық Мария Монтессори орталығы өзара ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Тараптар Қазақстанда алғашқы Монтессори ғылыми-зерттеу зертханасын және Абай университеті базасында педагогтарды сертификаттаудың ұлттық орталығын құруға уағдаласты.

Бұл маңызды серіктестік еліміздегі инклюзивті білім беруді дамытуға және жаңа буын мұғалімдерін даярлауға озық әлемдік тәжірибелерді жүйелі түрде енгізуге бағытталған. 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай университеті зерттеу бағытындағы жаңа үлгідегі педагогикалық жоғары оқу орнына трансформацияланудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асырып жатыр.

Мұндағы басты басымдықтарының бірі – халықаралық деңгейде мойындалған әдістемелерді енгізу, өйткені Қазақстанда бұл жүйеге деген қызығушылық жыл санап артып келеді. Бүгінгі таңда Монтессори педагогикасының қағидалары еліміздің 11 қаласындағы 40-тан астам мектепке дейінгі ұйымдар мен білім беру орталықтарында қолданылады, алайда бұл тәжірибені әрі қарай кеңейту үшін іргелі академиялық база мен білікті мамандар даярлау қажет.

Италиялық орталықтың президенті Симоне Павони және вице-президенті Лучио Ломбардимен өткен келіссөз барысында бірлескен жұмыстың негізгі бағыттары айқындалды. Олардың қатарында студенттерге халықаралық AMI сертификаттарын беретін бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, «оқытушыларды оқыту» моделі бойынша дайындау, сондай-ақ баланың ерте дамуы, нейропедагогика, қазіргі заманауи білім беру технологиялары мен геронтология салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу бар. Сонымен қатар Абай университеті егде жастағы адамдармен жұмыс істеуге бағытталған Silver Agri Age және Silver Agri Care жобаларына да қызығушылық танытып отыр.

Абай университетінің ресми делегациясы орталықтың практикалық инфрақұрылымымен танысып, «Лидия Чели» атындағы бөбекжайды, балабақша мен бастауыш мектепті аралады. Университет ректоры Болат Тілеп аталған сапардың мақсаты Италияның жоғары оқу орындарымен ұзақ мерзімді академиялық серіктестік орнату екенін атап өтті. Оның айтуынша, халықаралық сараптама мен ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықтың өзара ықпалдастығы ғалымдар, студенттер және болашақ ұрпақ үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Сондай-ақ делегацияның Италияның жетекші жоғары оқу орындары – Sapienza, UniCamillus және LUISS университет өкілдерімен бірқатар ресми кездесулер өткізу жоспарланған.

# «TARIKHMAP» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ



Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің PhD докторы, аға оқытушы Айжан Қоңырованың жетекшілігімен студенттер тобы тарих сабақтарында интерактивті цифрлық карталар мен жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдануға бағытталған «TarikhMap» инновациялық платформасын әзірледі.

«TarikhMap» платформасының негізгі мақсаты – тарих пәнін оқытуды цифрландыру, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және педагогтердің уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік жасау.

Бүгінде университет студенттері педагогикалық практика барысында аталған цифрлық жүйені белсенді пайдаланып, жаңа тақырыптарды түсіндіруде, мемлекеттердің аумақтық өзгерістерін таныстыруда және тарихи оқиғалардың өткен орындарын интерактивті форматта көрсетуде қолданып келеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың көрнекі қабылдауын күшейтіп, ақпаратты есте сақтау қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар цифрлық карталардың мүмкіндіктері оқу бағдарламасы материалдарын бекітуге, үй тапсырмаларын тексеруге және жоғары сынып оқушыларын ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) даярлау үдерісінде жоғары тиімділік танытып отыр.

Жоба педагогикалық бағыттағы студенттер мен мұғалімдердің сапалы цифрлық білім беру контентіне қол жеткізу мәселесін шешіп қана қоймай, болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар саласындағы құзыреттерін дамытуға және олардың кәсіби әрі кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін заманауи білім беру құралы ретінде ерекшеленеді.